

Цеснабанк «Бір белдеу, бір жол» бастамасының шеңберінде «Орталық және Шығыс Еуропадағы үздік жергілікті банк» атты Asiamoney марапатына ие болды.

Цеснабанк Euromoney тобына кіретін Asiamoney мамандандырылған іскерлік басылымның Best Local bank in Central & Eastern Europe for BRI* (Belt & Road Initiative**) номинациясында жеңіске жетті. Asiamoney сыйлығы Азия аймағының қаржы индустриясындағы ең айтулы марапаттардың бірі болып табылады.

Марапаттау рәсімі 26 қыркүйек күні ҚХР Пекин қаласында өтті. Биылғы жылы Asiamoney Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» бағдарламасының дамуында елеулі рөл атқаратын банктерді белгілеуге арналған жаңа сыйлықты тағайындады. Осы жаһандық стратегия ХХІ ғасырдың ірі экономикалық бастамасы ретінде қабылданды.

Asiamoney BRI елдері үшін қажетті қаржыландыруға қажеттіліктер ауқымы жобаларды қаржыландыру, валюталарды айырбастау, ақша қаражаттарын басқару арқылы банктерге жоғары әлеуетті іске асыруға мүмкіндік беретіндігін белгілейді. Басылымның пікірінше, бас офисі Астана қаласында орналасқан Цеснабанк экономикалық даму мемлекеттік бағдарламаларының стратегиялық серіктестігі ретінде танымал, «Бір белдеу, бір жол» бастамасы шеңберіндегі болашақ жобаларда көшбасшылық орынға ие болуға барлық негіздері бар.

«Цеснабанк» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы Дәурен Жақсыбек осы оқиғаға орай өз пікірін білдірді: «Қытай Үкіметінің «Бір белдеу, бір жол» бастамасын іске асыру шеңберінде сауда қатынастарын дамытуға қосқан үлесімізге соншалықты жоғары баға бергеніңіз үшін алғыс айтамыз. Цеснабанк өз клиенттерінің қытай контрагенттерімен жасасқан экспорттық-импорттық келісім-шарттары бойынша белсенді қызмет көрсетеді. Жаһандық сауда державасы – Қытай мемлекетімен көршілік фактор Қазақстан үшін қолайлы мүмкіндіктер жасайды және Цеснабанк бизнесін дамытуға едәуір әлеуеті бар».

Цеснабанк 2017 жылғы 01 тамыздағы жағдай бойынша жиынтық активтері 2,1 трлн теңгені құрайды, Қазақстандағы ірі банктер арасында үшінші орын алады. Жалпы ұлттық аймақтық желісі 21 филиал мен 144 бөлімшеден тұрады.

Цеснабанк өз клиенттерінің қызметіне, соның ішінде қытай контрагенттерімен жасасқан келісім-шарттар мен төлемдеріне белсенді қызмет көрсетеді. Банк клиенттерінің талаптарын барынша қанағаттандыру үшін өз еншілес ұйымдарының қызметтер кешенін ұсынады, соның ішінде «Цесна Гарант» сақтандыру компаниясының сақтандыруы, «Цесна Капитал» брокерлік компаниясы арқылы бағалы қағаздармен операциялар жүргізу. РФ-дағы еншілес «Плюс Банк» Цеснабанктің клиенттеріне Ресей нарығындағы контрагенттермен оңтайлы жұмыс жасауға, Ресей мен Қазақстан арасындағы тауар айналымында жайғасымын жандандыруға мүмкіндік береді.

**Бір белдеу, бір жол» бастамасының шеңберінде Орталық және Шығыс Еуропадағы үздік жергілікті банк.*

***Belt & Road Initiative – ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин 2013 жылдың қыркүйегінде «Бір белдеу, бір жол» атты «Жаңа жібек жолы» тұжырымдамасын шығарды. «Жібек жолының экономикалық белдеуі» және «ХХІ ғасырдың теңіз Жібек жолы» жобалары енген аталмыш жаһандық стратегия Қытайдың батыс шекараларынан Орталық Азия елдері мен Иран арқылы Еуропаға жол бойынша кең инфрақұрылымдық желінің құрылуын болжамдайды.*

